МАЗМҰНЫ

Тоқтарбай Е.
Тұнық сезім 3

Алдабергенқызы Т.
Жазу үстелі бос тұрмауы тиіс 9

Бексары Б.
Сезім хаттары 17

Алинова М.
«Қыз Жібек» – қазақ аруының символы 23

Жүніс Е.
Жырлайды жүрек 28

Байтанұлы А.
Әуезов әлемі – дипломаттың көзімен. 32

Қанағатова М.
Денсаулыққа пайдалы кеңестер. 38

АХМЕТОВА КҮЛӘШ ДІЛДӘҚЫЗЫ

ТҰНЫҚ СЕЗІМ

Ақын Күләш Ахметованың шығармашылық әлеміне ену

Қазақ поэзиясында дара болмысты, айрықша қолтаңбасы бар, нәзік жырларымен оқырманның жүрегін жаулаған ақындардың бірі – Күләш Ахметова!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері деген сияқты алты батпан атағын, бес батпан беделін атамаған күннің өзінде ақын Күләш Ахметованың поэзиясы жанды тебірентетін назды үнімен, қуатты күрескерлік сазымен дараланады. Қазіргі қазақ поэзиясының ақ айдынындағы жыр аққуы болған Күләш Ахметованың шығармашылық әлеміне еніп көрелік.

***

Өткен ғасырдың 70 жылдары қазақ әдебиетіне қосылған буын арасында ақын апаларымыз Фариза мен Күләш биік талантымен, терең сыршылдығымен, азаматтық үнімен қазақ өлеңіне үлкен жаңалық әкелді. Бүгін де бұл шын дарындардың шығармалары өзектілігін жоймаған құнды дүниелер. Күләш Ахметованың ғазалдарында Отанға деген сүйіспеншілік, достық, адалдық пен махаббат, ізгілік пен әдемілік, әйел тағдыры сияқты тақырыптар қозғалады. Ақын шығармалары жанға жылу, жүрекке махаббат пен мейірімділік сыйлайды. Күләш Ахметованың жырлары ұлттың күллі аруларының атынан сөйлеп тұрғандай жүректе әсер қалдырады. Себебі ақын шығармаларының негізгі өзектерінің бірі – ӘЙЕЛ ЖАНЫ.

Қазақтың аяулы қызының өлеңдерінен-ақ оның асыл болмысы, сұлу жаны, жарқын бейнесі көзімізге елестейді. Алаштың абыз тұлғасы Әбіш Кекілбайұлы ақын шығармашылығы туралы былайша толғанады: *«...Күләш – қарындас ақын. Қазақтай қарға тамырлы халықтың өз тонның ішкі бауындай ерекше қастерлейтін бөлекше қимас жақыны қарындаста ғана болатын асыл қасиеттердің бәріне ие абзал жыр. Бақырмай сөйлеп, бажылдамай жылап, бажайламай базына айтатын бауырмал жыр. Оны оқығанда Қазанды алып, шаршысына толып келе жатқанда, қара орманнан айырылып, қанатынан қайырылып, қамауға түскен халқын көріп, еңіреген елін, есіреген жауын көріп, қанына қарайған, қаһарына мінген Қобыландының қарындасы Қарлығаштың назын тыңдағанындағысындай тал бойың еріп, тас жүрегің жібіп қоя береді»*.

Бұл ақын поэзиясына берілген жоғары баға. Сонымен қатар, кезінде әдебиетіміздің алыптары Сәбит Мұқанов пен Әбділдә Тәжібаев та ақын поэзиясы туралы өз пікірлерін білдірген-ді. Қайраткер Мырзатай Жолдасбеков көрнекті ақын апамыздың шығармашылығы хақындағы «Періште көңіл поэзия» мақаласында: *«...Әйелге тән нәзіктік пен ақынға тән асқақтықты бір бойына сыйдырған ақын Ұлы даланы, қазақ ұлтын, Қазақстанды көзінің қарашығындай көріп, жүрегін бөлеп талмай жырлап келеді. Күләштің нәзік әрі кең жүрегінде көгілдір аспан да, Ұлы Дала да, оны мекендеген адамзат та – бәрі сыяды. Соның бәрін әзиз жүрегіне салып әлпештейді, аялайды. Туған елінің тауын да, тасын да, байтақ даласын да, жасыл орманын да, қалтыраған жапырағын да, мөлдіреген таңғы шығын да – бәрін де риясыз сүйеді. Оның өлеңдері ылғи да періште көңілден, таза пейілден, пәк сезімнен, мейірбан жүректен туады. Сондықтан да ізгілік, парасат, кісілік жолынан таймаған Күләш бәрімізден де шынайы әрі таза»,* - дегені бар. Тегінде, Күләш шайыр осындай ақ көңіл, пәк сезімді мөлдір жырларымен ажарланып тұрады.

Күләш Ахметова – жиырмаға жуық жинақтың авторы. Ақынның алғашқы жинағы «Ақ гүлім менің» деген атпен 1975 жылы жарық көрген. Әр жылдары жарық көрген ақын жинақтары тақырыбы мен идеясы жағынан өзгешеленеді. Мәселен, «Күн шыққанда күліп оян» жыр жинағы ерекше назарға лайық. Бұл жинақ 1996 жылы «Ана тілі» баспасында басылған.

Жинақтағы өлеңдер сан алуан тақырыптарды қамтиды. Атап өтсек, ұлт мұраты, ел мен жер тағдыры, елдік пен ерлік, уақыт пен кеңістік, дала мен қала, жыл мезгілдері, достық пен махаббат.

Ел мен жер тақырыбына қатысты өлеңдер көркемдігі жағынан биік деңгейде жазылған туындылар. Бұлардың негізгі идеясы – ортақ отанымыз Қазақстанға деген шексіз құрмет пен махаббаты көрсету. Тілі жағынан жеңіл, әрі мазмұны көркем шығармалар оқырманды бірден баурап алады. Мысалы, «Ауылды аңсағанда» өлеңінде туған жердің қасиетін, перзенттің отанға деген ыстық ықыласы жазылған:

Осы бір сәтте ақындық атты бақ дарып,
Шалқытып жатыр жанымнан жалын ақтарып.
Думанды ауыл, дидарың жатыр кеудемде
Тал бесіктегі таққан тұмардай сақталып.

Ақын кең байтақ даланың көркін шалқар шабытпен жырлайды. Дала рухын сезіну, онымен тілдесу – қазақ ақындарына тән ұстанымдардың бірі. Міне, осы дәстүрмен Күләш Ахметова ұлан-ғайыр атырапты жыр арқауы етеді:

Өзіңсің Қазақстан, ән, арманым да.
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.
Бір нәрсе жетпейді деу қате болар
Өзіңдей ұлан байтақ далам барында,

Гүл далам – Қазақстаным. Күләш ақын қазақтың кең өлкесін бірде гүл далам, бірде ән далам, дән далам, жан далам, кең далам деп суреттей отырып, жеріміздің сұлу табиғаты мен қасиетін танытады. Ақын туған елінің әр тауы мен тасын, шөбі мен суын, орманы мен көлін ерекше сезіммен құрметтейді. Оның табиғаттың сыйын қорғауға үндейтін өлеңдері де туған жер тақырыбын жаңа қырынан зерделегісі келетіндей әсер етеді:

Маздақ от маңдауымды сүйді менің,
Басымды қасиетіне идім елім.
Басылмай сағынышым келгенімде,
Алдымнан шықты мұңлы Билікөлім.
Айдының мейрам еді, сайран еді,
Әдемі аймалаған қайда лебің.

Алдымда жатты тағы жаутаң қағып,
Айрылған айнасынан Айнакөлім.

Бұл жолдарда автордың күйінші мен өкінішін аңғарамыз. Туған жердің табиғатын қорғау әр перзенттің азаматтық борышы екені анық. Алайда адамдар Отан-ана алдындағы парызын ұмытып, туған жердің киесін түсінбеуі ақынды мұңға батырады.

«Көгілдір кештерінде Көкшетаудың» өлеңінде автор Көкшенің сұлу келбетін жыр арқауы етеді. Қастерлі де қасиетті жердің көркін ақын ұлы суреткерге тән биік талғаммен жырлайды:

Армысың!
Айдын көлім, Бурабайым,
Алдымнан шықта-ау қайың, қарағайың.

Аталар ат шалдырған алаңқайда
Менің де ізім қалсын,
Аралайын.
Өзіңнен кезім келді от алатын.
Сөзім бар келешекке апаратын.
Арқаның алқасындай зүмірет көл –
Жырлаған құдіретпен Сәкен ақын.

Ал «Таразға тағзым», «Сұлулар өткен», «Алматы» сынды атты туындыларында автор қала мәдениеті, қала өміріне назар аударады. Еркіндік пен жан тыныштығын сүйетін дала өміріне қарағанда, қала өмірі сән мен салтанатқа, қайнаған тіршілікке бейім келеді. Ақын қаладан да кие мен қасиет таба біледі. Жалынды жырларында қала өркениетін айшықты тілмен жеткізеді. Мәселен, «Таразға тағзым» туындысында автор көнеде негізі қаланған шаһардың тағылымды тарихына тағзым етеді:

Қайран Тараз!
Қаймана елге ұнаған!
Қақпалары көлеңкедей құлаған,
Қамал да жоқ...
Амал да жоқ тағдырға
Жылдар жолы жылдам әрі бұралаң!

Ақын шығармашылығында қала тақырыбына арналған туындылардың бірі – «Алматы» өлеңі. Елдің абыройын асқақтатқан шаһардың ғажайып келбеті ерекше әсер сыйлайды. Даланың еркін тынысы адамды сұлулық пен әсемдіктің сырын түсінуге себепкер болса, қаланың салтанаты адамды даму мен өрлеуге үндегендей күй кештіреді:

Шаһарым менің, шаттығым, әнім, шәрбатым,
Шапағаттанып жатасың-ау сен таңда тым.
Шілдеде – гүлге, ақпанда – қарға бөленіп,
Шәйі бұлттардан шәлі байлаған Алматым!
Гүлдеймін бірге, гүлдейтін болсаң егер сен,
Көгерем бірге көктемде өзің көгерсең.
Сенімен бірге селге де қарсы тұрам мен,
Сенімен бірге көремін мен де, не көрсең!

Осылайша ақын Күләш Ахметова даланың да қаланың да тыныс- тіршілігін жанынан жақын қабылдағанын анық дәлелдейді. Кең байтақ өлкенің сулы, нулы атырабы да, қаланың зәулім ғимараттары мен сән салтанаты да авторға шабыт береді, қаламын қуатты ете түседі.

Ақын лирикасында кең қозғалған тақырыптардың қатарын ұлттық рух, адамшылық мұраттары, адам бойындағы ізгі қасиеттер екенін айрықша атай аламыз. Күләш ақынның сыршыл өлеңдері адамды қайраттандырады, әр күнге тағдырдың сыйы деп қарауға бастайтын оптимистік сарын байқалады. Мысалы, «Күн шыққанда күліп оян» өлеңі адамды жігерлендіріп, өмірге деген құштарлығын арттырады. Өлең жолдарындағы тіркестердің философиялық астары мән-мағынаға толы:

...Қуанышсыз жүректе құралмас ән,
Қайғы басса есіңе ал мұны әрқашан.
Ештеңеге риза бола алмайсың
Жаңа жауған ақ қарға қуанбасаң.
Жүрекке мейірім мен жылу керек.
Сүйсінбеуге бола ма сұлуға ерек?
«Ойлай берсең, ой да көп, уайым да көп»,
Шыққан күнге қуана білу керек!

Ақын поэзиясында адам бойындағы жеке қасиеттерді арқау еткен туындылары үлкен философиялық мәнге ие. Мәселен, «Намыс», «Мықтылық», «Рахым», «Әдет» атты туындылардың тәрбиелік мәні зор. Бұл өлеңдер адамды ізгі жолға баулиды, биік адами қасиеттерді тәрбиелейді. Әсіресе жас оқырмандарға бұл өлеңдердің берері зор. Жақсылыққа жақын болуға, жамандықтан жиренуге үндейді.

Мәселен, «Намыс» өлеңінде мақтансүйгіштік пен зұлымдыққа құмарларды былайша сынайды:

...Біреу бар, мақтау десе, бір тоймайтын,
Басында, мақтамасаң, бұлт ойнайтын.
Күнді де байқамайтын аспандағы,
Мұңды да байқамайтын жұрт ойлайтын.

Күләш Ахметова поэзиясында ерекше орын алатын өлеңдердің тобы – арнау өлеңдер. Жеке тұлғаларға: Мұқағали туралы «Мұқағали Мұзарты», Шыңғыс Айтматовқа «Ел бағына туған ұл», Зейнолла Қабдолов жайлы «Ілтипат», Сара Алпысқызына «Мұңлы бөбектер жыры», Мырзатай Жолдасбековке арналған «Елші» атты жырлары тағылымға құралған.

Сөзімізді түйіндей келе, шайыр Күләш Ахметова поэзиясы терең сыршылдығымен, оптимистік рухымен, нәзік бояуларымен өзгешеленеді. Ақын шығармалары сан түрлі тақырыпты қамтыған. Әр жырдың астарында белгілі бір түйін бар. Демек, аяулы қазақ ақыны Күләш Ахметованың өлеңдері оқырманға эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, философиялық ой тұжырым жасауға да жетелейді.

Ақын туындыларында Отанға деген махаббат, достық пен адамгершілік, мейірімділік пен ізгілік, бақыт пен болашаққа сенім сияқты адамның ақ көңілінен туатын ұғымдар жырланады. Оқырманға берері мол жыр жолдары әр кезде мән-мағынасын жоймайтын құнды мұра бола бермек...

Елдос ТОҚТАРБАЙ



Қыз мінезінде ұяңдық пен әдеп бірге кездессе, бірін-бірі жасырыңқырап тұрады, ашықтық пен абайсыздық бірге кездессе, бірін-бірі асырыңқырап тұрады.

Ғабит Мүсірепов

ЖАЗУ ҮСТЕЛІ БОС ТҰРМАУЫ ТИІС

Таяуда Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивінде ұлт руханиятына еңбек сіңірген тұлға – Әшірбек Төребайұлы Сығайға арналған «Сұңқардай саңқылдаған Сығай!» атты еске алу кеші мен «Сені іздейміз біз енді мінберлерден» тақырыптық жеке қордан алынған фото және құжаттар көрмесі өтті. Зиялы қауым өкілдері, театр сыншысының көзін көріп, қоян-қолтық араласқан дос-жарандары қатысқан бұл басқосуда сағынышқа толы әңгімелер айтылды.

Біз де өзімізге рухани әке тұтқан, ыстық ықыласын көрген, өзіміз қадір тұтатын сол бір мейірімді, қарапайым жанды жиі есімізге аламыз. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, жалпы қазақ руханиятына бар күш-жігерін, болмысын арнаған Әшағаңды – Әшірбек Сығайды көзі тірісінде төрімізге отырғызып, балаларымыздың қуаныш-жақсылықтарында адал ақ батасын алған, кешегі күндер бүгінде жүрек сыздатқан сағынышқа айналып бара жатыр. Сондықтан да, сол ұлы сағыныш санасын санға бөліп жүрген жары Күләш Сығаевамен сұхбаттасуды Аға алдындағы парыз-борышымыздай сезіндік.

– Күләш Дулатбекқызы, қалалық Орталық мемлекеттік архивтегі кездесуде, жазушы Дулат Исабековтің: «... менің өзімде мыңға жуық афиша бар еді, қазір соның көп болса қолымда 5-6-уы ғана бар, көбіне ұқыптылық жетіспей жатады...» дегені құлағымызда қалып қойды. Әшірбек Төребайұлы 2007 жылдың өзінде көптеген афиша, аудармалары, талай жазбаларын өз қолымен тапсырыпты. Оған не себеп болды екен?

– Әшірбек өте ұқыпты, жинақылықты жаны сүйген, талғампаз жан еді. Өмірбақи жанымда жүретіндей қабылдаған қимасым жайлы өткен шақпен сөйлеу өте ауыр екенін енді-енді ғана сезініп жүрмін. Әлгі басқосуда телеарналарға біраузыз естелік сөз де айта алмадым. Жан-дүнием Әшекеңнің мәңгілікке кеткенін сезінсе де, жүрегім бой берер емес, – деп бір күрсініп алған Күләш ханым сәл үнсіздіктен кейін әңгімесін қайта жалғады. – Бойына біткен ұқыптылық болар, жазғансызғандарына да шаң жуытпайтын-ды. Үйде жұмыс кабинетіндегі сөре-сөре кітаптарын күніне бірнеше рет сылап-сипап жүретін. Бірде қалың қағаз – құжаттардың арасында басы шарадай болып отыр екен. Не істейтінін сұрайын деп аузымды ашқанша: «Күләтай, осы дүниелердің біразын архивке өткізсем бе деп отырмын, сыймай барады. Барып көрдім, өте таза, әрі ұзақ сақтауға арналған құжаттар болғандықтан бөлмелері де соған лайықталып жасалған екен»,– деді. Әрине, «өзің білесің ғой» деп келістім. Одан кейін Райымбек, Баққожа, Асанәліні де үгіттеп жүріп, олардың да біраз құнды дүниелерін тапсыртқаны бар. Архив қызметкерлері де дән риза . Осылай үйде сақтау мүмкін болмай қалды да, ұқыптылығына көзі жеткен соң архивке өткізді біраз дүниелерін. Оның үстіне әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін ғой, бәлкім келешек ұрпаққа таза, бүтін жетсін деген де ойы болған шығар. Үйдегі температура бірқалыпты болмайды ғой, бірде жылы, бірде салқындау болуы мүмкін, арасына ауа кірмеген соң жазулар өшіп қалуы да ықтимал, ал онда бірқалыпты ұсталады екен. Кейін өзім де талай рет бірге барып жүріп көріп, қуанып қалғаным бар.

Қайтыс болған күні-ақ архив қызметкерлері үйге келіп, Әшекеңнің сақтаулы құжаттарының тізімі деп таныстырып, тағы да құжаттарын тапсыруыңызға болады деп кетті. Екі жылға дейін жүрек дауаламай, жазғандарына көз тоқтата алмай жүрдім де, кейін кабинетіне кіріп, жазу үстеліндегі қағаздарын қарап, реттеп, тағы да біраз құжаттарын өткіздім. Жазылып бітпеген, орта жолдан үзілген дүниелері бірталай екен. Өткізбегенде не істеймін, оны ешкім де дәл өзіндей аяқтай алмайды, жаза алмайды. Сөренің екі қабаты толған құжаттары қаз-қалпында тұр. Көріп, ішім жылап тұрса да, архив қызметкерлеріне риза болдым. Кез келген уақытта барып көріп тұруға болады. Талай талантты жастар өсіп келе жатыр, өзінің де шәкірттері баршылық, егер Әшекеңнің шығармаларынан ғылыми атақ қорғаймыз деп жатса, біздің рұқсатымызбен ғана босатылады екен.

Ал бәрін дерлік өткізіп тастауға болмайды, үйдегі жазу үстелі бос тұрмауы керек. Жұмыс кабинеті бос болмауы керек. Артында өсіп-өніп келе атқан ұрпағы – балалары мен немерелері иісін сезініп, қабылдап өсуі керек.

Онсыз да қатты толқып отырған Күләш ханымның ойын сонау жастық шаққа, алғашқы кездесулерге бұрғымыз келіп, Әшірбек ағамен қалай танысқандары жайлы сұрадық.

– Талдықорған облысынан Алматыға оқу іздеп келдік. Студент атандық. Еліміздің әр өңірінен келген жастардың көбі, тіпті көбі емес, барлығы дерлік өмірлік қосақтарын осы қаладан тауып жатады. Ол бұрыннан келе жатқан әдет, үрдіс тәрізді. Сол көп жастар сияқты мен де Алматы педагогика институтына келіп түстім. Жатақханаға орналастым. Бәріміз бір үйдің балаларындай болып шыға келдік. Тез тіл табысып, бауыр басып қаласың ғой. Ол кезде ру-ру, ата-ата болып емес, облыс болып, жерлестер деп іздеп, ортамыз толып жататын-ды. Қалтамыз жұқарып, азық-түлігіміз ортая бастаған кезде бөлме-бөлме болып «қарын тойдыру» шәйін ұйымдастырамыз. Курстас жігіттің бөлмесіндегі сондай шәй үстіне Әшекең бастап жерлес жігіттері кіріп келді. Кіріп келді де арқа-жарқа болып отырған бізге, әсіресе, Әшекең маған қадала қарап тұрып қалды. Кісінің бетіне, оның ішінде ер-азаматқа тіктеліп қарау қазақи тәлім-тәрбие көрген қазақ қыздары үшін ұят, әдепсіздік екенін білеміз ғой. Біраз уақыт көз алмай тұрған оның бұл қылығын студенттер де байқап қойды. Қарадай қысылып, қызарып кеткен болуым керек, қасымдағы қыздың тасасына қарай тығылып, жүзімді жасырдым.

Осылай басталған таныстық сыйластыққа, достыққа, одан сүйіспеншілікке ұласты. Әкеміз ерте қайтыс болып кетті де, ағамыз екеуміз анамыздың тәрбиесінде өстік. Күн демей, түн демей жұмыс істеп, оқу оқысын, қатарынан қалмасын, жоғары білім алсын деген анамның ақ ниетін ақтауым керек деген мақсатпен өстім. Жігіт деген, жігітпен достасу, қыдыру деген басыма кіріп-шықпайды. Есіл-дертім институт бітіріп, екі-үш жыл жұмыс істеп, анама қолғабысымды тигізу. Басқа ой жоқ. Сондықтан да Әшекең қанша қиылып шақырса да, қыдыруға шықпаймын. Сабақ, тек қана сабақ! Жатақхана – кітапхана – оқу залы, осы бағытпен ғана жүремін. Сөйтіп жүргенде Әшекең оқуын бітіріп, консерваторияда қалды. Жиі келіп тұрады. Бөлмедегі қыздар да асыға күтетін. Әшекең әңгімешіл ғой, әдемі сөйлейді, орнықты сөйлейді. Сол мінезіне қызыққан бөлмелестерім: «Бұдан артық саған қандай жігіт керек?!» деп ұрысатын болды. Театрға билет алып келеді, кейде әдейі алатын болуы керек, екеуміз бөлек отырамыз да, қыздарға басқа қатардан тиіп жатады. Бір күні ауылдан жеңгем келді. Анам төре тұқымынан еді, «біреуі бар ма, болмаса немере інімнің баласы бар, сүйек жаңғыртамыз» дегенді айтып жіберіпті.

Ойланып қалдым. Әшекеңді қимайтын сияқтымын, жақсы жігіт, адал азамат екенін бір кісідей біліп жүрмін. Өте мәдениетті. Тәрбиесі, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнерінен тектілігі сезіліп тұрады. Құрбыларыма да ұнайды. Жеңгеме де ұнады. Сонымен, 1970 жылы қосылдық. Той ауылда да, осында да болды. Сосын Кентаудан ата-енемді көшіріп алдық. 45 жыл бірге тұрып, әдепсіз сөйлеп, не болмаса артық-ауыс мінез көрсеткен емес. Балажан болды. Мейірімді болды. Тату-тәтті ғұмыр кештік. Жалғыз әпкесі бар, ата-анадан жалғыз екеуі ғана. Ата-енемнің аузына қарап отырған жалғыз ұлы болғандықтан, қалада тұрақты үй-жайымыз болмаса да көшіп келді. Ол кісілер де Әшекеңді қалай көрсе, мені де солай қабылдады. Көрегенді кісілер еді, жарықтықтар. Әшекең қызметте, жолсапарларға жиі шығады. «Е-е, Күләтай қасымызда ғой, бабымызды табар, жолың болсын», – деп шығарып сап, күтіп алып отыратынбыз.

Суретте:

Әшірбек, Күләш Сығай

Әшекең керемет еңбекқор еді. Алғашқы жылдары ол – аспирант, мен баламен үйде отырмын. Қарттарымыз бар, келімді-кетімді қонағымыз тағы бар, қаражат тапшы, қиналған кездеріміз де болды. Сонда еңбекқорлығы сонша, түнімен аудармамен айналысады. Пьесалар аударады. Бірақ ешқайда ұсынбайды. Бірде радиодан «Бұлбұлдар түнін» аударғанын естіп, Талғат Теменов іздепті. Сөйтіп, алғашқы пьесалары сахналана бастады. Өзі – аспирант, сабағы, бала-шағасы бар, сөйтіп жүріп бәріне үлгереді. Кейін ректор болды, мәдениет министрінің бірінші орынбасары болып, лауазымды қызметтерде жүрсе де қолынан қаламы түспейтін. Өте қарапайым. Елдің бәрін өзіне жақын тұтатын, алалауды білмей өтті өмірден. Үлкенге де, кішіге де сыйластығын жоғалтпады. Кішіге жақсы аға, үлкенге ізетті іні бола білді.

Өмірінің соңына дейін еркелетіп өтті. Алғашқы жылдары оңтүстікке келін болу дегеннің, ата-ененің алдындағы міндетіңнің қандай екенін түсіне алмай, басқа орамал салып, сиыр сауып, сүт пісіріп, таң алакеуімнен есік алдын сыпыруың керек пе» деген үрейден елге баруға жүрексінетінмін. Ата-енеміз қолымызда болса да, ағайын-туыс, қалың елі бар ғой. Қалай болар екен деп қашқақтап, түрлі сылтау айта бастаймын. Сонда Әшекең: «Күләтай, елде сенен де басқа келіндер бар ғой, сен қонақсың, еш саспа»,– деп жылы жымиып қоюшы еді. Шынында да, жаңа түскен келін болсам да қонақ боп барып, қонақ болып қайтатынмын. Өте бақытты әйел, адал жар болдым.

– Мерекелерде не сыйлаушы еді?

– Ол кезде қазіргідей алтын сататын дүкендер жоқ, ал алтын, тіпті тапшы, отау көтергенімізге 10 жыл толғанда алқа сыйлады. Көздің жауын алады, жалт-жұлт етіп, жарқырап тұрады. Бертін келе, ақшасын беріп жүрді де, сосын жалақы-қаламақыларын түгел әкеліп беретін болды. Әр жалақысын алған сайын «Тартынба, ұнағаныңды алып жүр» дейтін-ді. Әдемі киініп, әдемі жүргенімді қалайтын. Өзі де талғаммен, таза, сәнді киінуді жақсы көретін. Бірақ өз бетінше ештеңе сатып алмаушы еді. Үнемі бірге барып, бірге таңдап сатып алатынбыз. Жаратылысынан ұқыпты болды. Өзіне қандай киім болса да жараса кетуші еді.

– Әшірбек аға лауазымды қызметтерде жүрді, қонағыңыз аз емес, араласатын адамдары, ортасы да бар. Олардың бәрінің жайын табу оңайға түспеген шығар?

– Ол кезде бүгінгідей бәрі дүкенде самсап тұрмайтын. Соның өзінде қонақтан шаңырағымыз босаған емес. Баланы да туып, күйеудің де бабын тауып, қарияларымыздың да жағдайын жасап, қонағымызды да күтіп үлгеретінбіз. Өзім жұмыстамын, республикалық мемлекеттік жабдықтау деген мекеме болды, сонда жұмыс істеймін. Қонақ келетін күні түнімен дастарқан мәзірін жасап, салаттар мен тәттілерімді пісіріп шығатынмын. Ет асып, ыстық бауырсақ пісіріп, дастарқанды жайнатып қоятынмын. Қонақ күткенде, не бала күтіміне көмекші керек-ау деген ой да жоқ. Тіпті, Әшекеңнің қызмет бабындағы көлігін де пайдалануды білмеппіз. Базарға, дүкенге де өз аяғыммен барамын. Кейін балалар өсіп, көмекші бола бастады ғой. Келімді-кетімді кісі үзілген емес. Оңтүстіктің молшылығын, кеңпейілділігін, қонақжайлылығын көрсетуге барымды саламын. Әсіресе, келген кісілерге жақсы сыйлық жасағым келіп тұратын, ал оған көбіне қаражат жағы жете бермейді. Қонақ келе жатыр дегеннен мазалайтыны осы еді. Әшекең осы қылығыма күліп, әзілдеп қояды: «Ал, енді не бересің?», – деп жарқылдай күліп, иығымнан қысып құшақтап қояды. Іле өзі: «Ештеңе бермей-ақ қой, әдемілеп асыңды, шайыңды дайында. Оларға сенің сыйлығыңнан гөрі қабағың керек», – деп жұбатады. Сонда да әйелсің ғой, риза болып кеткенін қалап тұрамын.

Қонақтан бұрын өзі де дәмді асты, әдемі қоңыр күрең шәйді жақсы көрді. Әсіресе, оңтүстіктің баласы болған соң ба, палауды ерекше жақсы көрді. Кейде «бүгінгі асқа не дайындасам екен» десем, міндетті түрде «палау» дейтін күліп. Аптасына қанша рет дайындасаң да жалықпайтын. Ал балаларға тұшпара, котлет сынды ас-су ұнайды. Ондайда тұңғышымыз Қанат қана: «Осы үйде өзіңнен басқа адам жоқ па» дейтін батылдау. Өйткені, ол – ата-әжесінің баласы да, әкесін ағасындай көретін-ді.

– Әшаған көптің ортасында, жұрттың алдында болды ғой. Талайлармен дос-жаран, сыйлас кісі. «Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» дейтін бар. Қызғанған кездеріңіз болды ма?

– Жоқ! Бір ақын: «Әй, сен театрда да, консерваторияда да өңкей сұлу, жас қыздардың ішінде жүресің», – деп әзіл-шыны аралас қалжыңдаса керек. Сонда Әшекең де салмақты қалпын сақтап: «Ой, бәлі, сол қыздарыңыз Күләнімнің тырнағына да тұрмайды», – деп жауап беріпті. Рахила деген курстасы «бәріміздің көзімізді бақырайтып, Әшекең солай деді ғой», – деп риза болғаны бар.

Сенім – отбасы татулығының берік қамалы. Сенім болған жерде адалдық, тазалық орнығады. Шаңырақ шайқалмайды. Іргесі сөгілмейді. Беки түседі. Отбасындағы бұл сенімділік мейірімділікке ұласса, ол отбасы бақытты. Бұл жағынан қарағанда, отасқан 45 жылымыз шуақты болып өтті, оған шексіз ризамын. Ал қызғаншақтық деген емі жоқ аурумен тең. Ол санаңа орнығып алса, кез келгеннен күдіктеніп, әуреге салады да, арты бітпейтін дауға айналады. Осындай жағдаймен тағдыры тәлкекке айналғандар бұрын да, қазір де айналамызда баршылық.

– Әшірбек ағаның ит, құсқа әуестігі бала күннен бойына біткен қасиет десек болады. Бірақ... қалада бұл құмарлық оғаштау көрінері рас...

– Үй жануарларын жанындай жақсы көрді. Бала кезінен иттер мен кептерлерге әуес болыпты. Ауылда кеңшілік, ал қалада ит, құспен айналысу, әрине, оңай тірлік емес еді. Ұлдар өсіп, ержете бастағанда әкелерінің туған ауылы, ауылдағы үйдің ит, құстары жайлы сағына айтатын әңгімелерінен кейін, әкесіне «пәтерді сатып, жер үй алайық» деген ұсыныс жасады. Сөйтіп, осы үйге көштік. Сол-ақ екен, мысықтың түр-түрін, тауық, тіпті, ешкі ұстай бастадық. Олардың әрқайсысына жылы ұя, үйшік, қора-қопсы салынды. Әрқайсысына әспеттеп ат қойды. Тауықтарға жем шашып жүріп, құрдас-замандастарының есімімен атап, солармен кәдімгідей әңгімелесіп жүреді. Баққожа, Сағат, Оралхан марқұмдарды, Нұрлан Оразалинді таңып, құстарын солардың атымен атайтын да, төбелестіріп, жемге таластырып мәз болатын. Сыртынан қарап отырып, біз әбден күлеміз. Өзі де мәз. Жазуы бар, қызметі бар, бірақ сол аралықта оларға да уақыт тауып, бабын жасауға беріле кірісетін. Олар да, әсіресе кептерлері мен құстары Әшекеңді көргенде қуанып, шықылықтап әнге басады.

– Ешкіні кім сауды?

– Ол өзі тез көбейетін түлік екен. Желіндері кішкентай, қолға ілінбейді. Әлгіні сауып болғанша саусақтарым қарысып қалады. Құрғырдың текесінің иісі жаман-ақ. Балалар да сабақтарын сылтау ғып қораға кіруден қашады, әкелері тіпті кірмейді. Мені кіргізеді де, өзі сыртта мәз болып қарап тұрады. Оның үстіне, босатсаң болды ауладағы жеміс ағаштарын жұлмалап тастайды. Бір күні қатты ренжідім. Содан қимаса да, әрі маған да өкпелеп базарға апарып, арзан бағаға сатып жіберді. Өңкей тұқымы бөлек, асыл тұқымды ешкілер. Ана кісілер қуанышы қойнына сыймай әрі арзандығына таңқалып, сатып алыпты. Әшекең базардан көзі жасаурап келді.

Кейін Айман Мұсақожаеваның шақыруымен Астанаға ауысты. Ректор уәдесінде тұрып, пәтер берді де, балаларымен сонда тұрып жатты. Сөйтіп, ит, құстарымен қоштасуға тура келді. Араласып жүретін кісілерге таратып жіберді. Кептерлері мен тоты құстарын Ералы деген бауырына берді, өйткені оның да кептерлері бар еді.

Жазсам деп жүрген дүниелері де көп болатын. Жазғанынан жазбағаны басым шығар. Астанаға қызметте жүргенде «жазуға біраз деректер сұранып-ақ тұр, жиналып қалды, қашан отырсам екен», – деп жүретін.

– Әшағаңдай өнертанушы, сыншы жоқ дейді әдебиет сүйер, өнер сүйер қауым. Ал ұлдарының бойында әкесіне ұқсайтын қасиеттер бар ма? Ата жолын қуатын немерелер бар болар?

– Ұлдардың болмыс-бітімі де, мінез-құлықтары да ұқсамайды. Тұңғыш немереміз қыз болды да, үш ұлдан кейін көргендіктен бе, Сұңғаттың қызы Ділдә өмірге келгендегі қуанышты сөзбен айтып жеткізуге сөз жетпес. Қуаныштан ес шықты. Өзі атадан жалғыз болғандықтан ұлдарын да, немерелерін де жанындай жақсы көрді. Еркелетіп, мәпелеп отыратын. Ерекше еркелетіп, құшақтап сүйгенін көрген Есмұқан Обаевтың таң қалғаны бар: «Бәріміз кішкентайларды жақсы көреміз, бірақ сенің еміренгенің, сүйгенің бөлекше», – деп. Қанаттың ұлы Бақтияр – бесінші сыныпта оқиды, атасына тартқан. Бет-әлпеті де, мінезі де. Аса ширақ. Қу тілді, қуақы өзі. Әзілге де жақын.

– Қазақ мектебінде оқитын шығар?

– Әрине, балалардың бәрі қазақ мектебін бітірді. Немерелердің ішінде Ділдә ғана мектептің алыстығына байланысты орысша оқыды, бірақ атасы тіл маманын үйге шақырып, тәлім-тәрбие жүргізді. Биге де өзі апарып жүрді. Қазақи тәлім-тәрбиенің орны ерекше екенін, салт-дәстүрімізді айтып, үнемі әңгімеге тартып отыратын. Оның үстіне ата-әжелерінің көзін көрді, ертегісін тыңдады. Өзім де үйдемін. Алғашында, балалар мектеп жасында болған кезде, мектепте жұмыс істеуге тура келді. Бірде атам менің шешеме: «Құдағи, мына қызыңа айтсаңшы, екі баламен тоқтап қалды ғой», – депті. Анам: «Ойбай, мына құда еркек басымен маған сөйдеді», – деп бетін шымшиды. Сөйтіп жүргенде үшінші ұл дүниеге келді. Әрине, мен екі ұлдан кейін қыз болғанын қаладым. Бірақ атам қатты қуанды. «Саған екі дүниеде де разымын» деп батасын берді. Сөйткен Қанат пен Күләйдің үш баласы бар. Сұңғат пен Гауһардың кішкентайлары төртеу, Нұрзат пен Аяна екі қыз тәрбиелеп, өсіріп келеді.

– Биыл Әшірбек Төребайұлы қаңтар айында жетпіске келер еді. Мерейтой қалай аталып өтпек?

– Иә, қаңтардың 11 жұлдызында 70 жасқа толар еді. Өткенде қалалық Орталық мемлекеттік архивте еске алу кеші өтті. Бүгін Астанада, өзі қызмет атқарған өнер университетінде де еске алу болды. Өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаева жақсы істерді қолға алудан қашпайтын нағыз қазақы жан. Сол ұжымда 50 минуттық кинофильм көрсетіліп, жақсы бір кеш өтті. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы, содан кейін театр ұжымы да халықаралық деңгейде аталып өтсе деген ой-ұсыныстарын айтқан.

Әзірге тірлігіме демеу, құлазыған көңілге жұбаныш – КҮНДЕЛІГІ ғана. Жанарымды жасқа малып отырып, есікке аландаймын. Әр сапардан келген сайын: «Үйге, Күләтайыма келдім», деген сөз тіркестері көзіме оттай басылады... Тағы да «Күләтай» деп есіктен кіріп келетіндей күй кешемін...

Әңгімелескен:
Таңсұлу АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ

Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: «Есті қыз етегін қымтап ұстар» деген мақал бар.

Әзілхан Нұршайықов

Сезім хаттары

..Қаламаймын. Қолымнан келмейді. Мен сізге ренжи алмайды екенмін.

Қайтейін. Тағы да қалам мен қағаз кеміріп, хат жазып отырмын. Ашуланбаңыз! Мен сізді мазаламаймын, себебі бұл хаттар сізге жетпейді де ғой. Жалықтырып алмайыншы. Содан қорқамын.

Сізбен қоштасқалы бақандай бір жыл. Бір ғасырдай болды маған.

Түндерде буланған терезеге суретіңізді салдым. Бірақ, анықтап қарауыма кірпіктерім жыпылық-жыпылық етіп кедергі жасады. Кейін көзім суланып кетті. Жүзімді сіздің жұмсақ алақаныңыз емес, көз жасы аймалады. Қаншама түн солай сырғуда.

...Сіз де азаптанып жүрсіз. Сіз де мені үнсіз сағынасыз. Дөңбекшіп атыратын ұйқысыз таңдар сізде де бар. Сіз де мені ойлайсыз. Ойлағыңыз келмесе де. Ол аз ба? Мен білем. Мен тіпті сіздің түсіңізге де кірдім. Бәстесейікші! Тап қазір мені көргіңіз келіп тұр...

Сіздің мені өзіңізден барынша-а-а алшақ, мүмкіндігінше тым алыс ұстауға тырысып-бағатындығыңыз... кешіріңіз, ол менің Сізге деген сезімімді тұтандырмаса, тұншықтыра алмайды.

«Уақыт емдейді» дейді ме?! Тәтті өтірік!

***

...Танауыма тіл жеткісіз хош иіс келетіндей. Иісіңізді сағындым, азаматым-ау.

«Жалғызым, жарылқаушым, жан тыныштығым. Жер бетіне жарық шашып жүрген періштенің бірісің» дейтінсіз мені. Еркелеткен түріңіз.

...Менімен жаз айы шыққанда жолығудан қаша бастадыңыз. Телефонмен сөйлескенімізде ұрыс-керіс, ши шығатын себеп іздеп, айтқан сөздеріме килігіп, тырнақ астынан кір іздеумен болдыңыз. Басында мән бермеуге тырыссам да, жүйкемді жұқартып, миымды дызылдататын, қан қысымымды көтеретін қисынсыз әңгімелеріңіз бәрібір түбінде ренжісуімізге әкеліп соқтыратын. Бәрі оған дейін тым жақсы болып келе жатқан еді. Табан астынан неге өзгеріп шыға келгеніңізді түсіне алмай дал болдым. Сол уақыттан кішкене мерзімдей бұрын әкеңізді жоғалтқансыз, мүмкін сол зілбатпан қайғыдан арыла алмай, таз ашуын тырнадан аладының кері болар бұл деп іштей бағамдап, барынша сабыр сақтауға тырысып бақтым. Телефоныма дың етіп хабарлама түсті. «Есігіңнің алдына зат қалдырып кеттім. Менен естелік деп есепте. Қош бол, әзіз періштем!» Дереу жүгіріп далаға шықтым, қақпаның сыртына шығуға біртүрлі жүрексініп біраз тұрдым. «Неге бұлай етті?», «Естелігі несі?», «Қош бол?» жүрегім су ете қалды, қақпаны ашып қарасам дәл алдымда менің құшағыма да сыймайтын раушан гүлдер. Сол гүлдеріңіз соған дейінгі сыйлаған гүлдеріңізден тым басқаша еді. Сыртындағы қапталған шытырлақ қағазын алып тастап, гүлдеріңізді құшақтап жатып, ұйықтап қалғаным әлі бүгінгідей есімде. Гүлдер де менімен қоса жылаған шығар...

...Кейін жоқ болып кеттіңіз. Жанұшыра іздедім. Таппадым. Досыңыздан суыт хабар алдым.

Басыңызда ісік бар екен, ота жасатуға Германияға кетіпсіздер. Сорғалаған көз жасымды көйлегімнің етегімен сүртіп, тұла бойым қалтырап сылқ етіп еденге отыра кеттім. Көрер көзге дүние дөңгеленіп, мен отырған тар бөлме далиған далаға ұқсап, сұп-суық әрі сұсты көрінді. Жанарымның шарасы жасқа толды.

«Жаббар ием, Аллажаным, жар бола гөрші Оған, құлдығың боп өтейін», – деп күбірлеп күңірене тәңіріме жалбарынғаным есіме түссе, денем мұздап сала береді. Ең қорқынышты, үрейленген сәтім. Сізді мәңгілікке жоғалтып алудан, енді ешуақыттада көрмеймін-ау деген күдіктен туған үрей.

...«Қырсыққанда қымыран іриді» деген рас-ау. Со жолы ата-анам менің өзіңізге қарай баруыма, жаныңыздан табылуыма түбегейлі қарсылық білдіріп, жібермей қойды. Сіз маған қатты ренжідіңіз, білем.

...Мен сізге дұғаммен жәрдемдесе алғаныма балаша қуандым. Күндіз-түні еткен дұғамды Жаратушым қабыл етті. Ота сәтті аяқталды.

Өлім мен Өмір екеуінің аралығында жанталасып жатқаныңызда, дүниенің сіз білмейтін дәрісін таптым мен. Өліп-өшіп жақсы көрдім бар жүрегіммен. Жаныммен, тәніммен сүйдім. Оттай ыстық сүйіспеншілік ләззаты барып-келіп жатқан жігіт жүрегіңіздің тоңын жібіткен де болар. Іштей «шүкір, шүкір» деп тобалаумен болдым. Бар ауыртпашылықты, ауруды жеңіп шығып, дімкәс-дертті бой-басыңыздан сыпыра сылып, маған қоңырау шалғаныңызда: «Тірі екенсіз ғой, тірі екенсіз ғой, Құдіреттім-ау» деп иегім кеңсеңдей, тұншыға өксігенім... әлі есімде. Маған ғашық көздеріңіз жұмылмасыншы, Жаным...

***

...Көңіл-күйіңіз бұзылса, мені еске алыңызшы. Көңіл хошыңыз көтеріңкі болғанда да, мені ойлаңыз. Мен сіздің еске алуыңыз арқылы «мәңгілік өмір сүретін» боламын. Жұмыста жетістікке жеткен шақтарыңызда, үйлену тойыңызда, тіпті балалы болғаныңызда да мені еске алыңызшы... Үнемі-үнемі еске алып тұрыңызшы, Жаным!

Ақыл аулынан қашықтап, сезім оты лапылдай өршіп, құштарлығым қоса оянып аласұрып жүрген уақытым қазір. Өзімді өзім ұмытып үлгергелі қашан?!

Егер бұлай қиналарымды, азаптанарымды білгенімде, Алладан алғашқы жолығуымыздан бастап жанымыз бен тәніміздің бірігуін тілеп, сұраған болар едім.

Мен сізге дейін өмір сүрмей келген екенмін-ау. Алғаш салалы саусақтарыңызбен жәйлап аймалай бастағаныңызда, тал шыбықтай майысқан белім денеңізге дене боп жабысып, алғаш құшағыңызға жұтылғанымда, түбіттей жұмсақ еріниіз үлпілдеген ұлпа қардай ерініме тиген сәттен бастап бәрі өзгерді.

Менімен кездеспей тұрып, сіз мен жайлы қиялдайтынсыз. Қорғансыз, үркек балапан деп елестеттіңіз. Сүйттіңіз де, мен оны барлық әділетсіздіктерден, барлық жамандық атаулыдан, ыстық күннен, суық жаңбырдан қорғайтын Күші боламын деп өз-өзіңізге серт еттіңіз. Иә, сіз

дәрменсіз балапаныңызды қорғаштайтын Күшке айнала алдыңыз. Алайда, неге соңына дейін емес?! Неге жарты жолда, қақаған қыста бетпақдалаға қалдырып кеттіңіз? Не деген әлсіз едіңіз. Жігіт емессіз сіз. Мігітсіз.

...Махаббат мастығынан ес жиып, жастығым көз жасыма тұншығатын түндерден енді ғана айығып, жаңа өмір бастағым келіп, өмірім мен жүрегіме басқа жанды енді ғана енгізе бергенімде, неге алдымнан Сіз шыға келесіз?! Сіз емес. Сіз жайлы ойларым... Сіз – менің өмірбойғы Кедергімсіз! Өзімшіл, менмен, өзіңізден өзгені ойлауға мүмкіндік бермейтін Кедергімсіз! Сізге деген ып-ыстық іңкәрлігім, сізге деген құмартқан құштарлығымның күші мәңгілікке қайтпай, менің түбіме жетеді ме деп те қорқамын. Жан әлемімді ауырта бермеңізші. Махаббатымды, бұрынғы «Өзімді» өзіме қайтарып беріңізші, өтінем...

© Сәлеммен, Сезім

...Мүгедектіктің құрығына түсіп, шылауында кеткелі, мына қоларбаның менің айтқаныма көніп, айдауыма жүргеніне биыл, міне, жиырма алтыншы жаз. Жарымжандықтың қасіретін тартып, тауқыметі мойыныма ілінгеніне бірнеше жылдардың жүзі болғанымен, әлі соған бой үйрете алмай келемін. Қос аяғым матаулы демесеңіз, қазақтың ойы сергек, он екі мүшесі сау қараторы қыздарының біріндей сезінем өзімді.

...Күн бұлыңғыр болатын дейді Анам. Суық боз тұман басып, танауды қусыратын шыңылтыр ызғырық еседі, гуілдеген желді уақыт. Бұл мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылдың қыркүйек айы болатын. Әділетсіз өмір балапандай балбырап, мамыражай жатқан жаңа туылған сәбиге, яғни маған тырнағын аямай батырды. Мүсәпір, мүшкіл хәлге солай ие бола кеттім. Туылмай жатып қақмаңдайыма қадап берген қарабасқыр диагноз «жұлын жарығы» (спинномозговая грыжа) мендей қызылшақаны тұңғыш рет «ота» деген ғаламатпен таныс қылды. Атырауда. Ота жасалыпты, мен енді ол кезде әлі есімді де дұрыс білмеймін ғой. Анамның айтқанымен әйтеуір жеткізген боп жатырмын. Содан не керек, сол ота сәтсіз тәмамдалды. Аузы-басын ақ дәкемен ораған ақжүрек ақхалаттылардың жауапсыздығынан, кешірілмес қателігінен, айтып жеткізгісіз ағаттығынан екі аяғым сал болып қалды. Операциялық бөлмеден келген мені алдын ала жылытылып, әзірленген төсекке шалқамнан жатқызыпты. Мейірбике алғашқы тәуліктерде аса бір ыждаhаттылықпен күтім жасаса да, бойымды ауыр салмақ езгендей, қос аяғым сол сәулелі сәттен бұлыңғыр бүгініме дейін жүрусіз қалды.

Ол ол ма, үш жасқа келер-келместен ми шемені (гидроцефания) деген бәле-дерт тағы жабыса қалған. Тарқата айтсам, жұлын ми сұйықтығының көбеюімен байланысты бас сүйектің зақымдануы, шамадан тыс ұлғаюы. Дегридатациялық дәрілер: диакарб, вералпирон, магний сульфаты ауруға азмаз шипа болады дегенмен, дәрігерлер мұндайда көбіне отаны құп көретінге ұқсайды. Ащы ішектей шұбалған көп қағазына түсініксіз әлденелерді бұрқыратып жазып жатқан шегір көзді, еңгезердей дәрігер «Басына ота

жасаймыз, дайын болыңыздар!» – деп дүңк етті. Бесіктен белім шықпай жатып екінші отамен бетпе-бет ұшырастым. Алматы қаласындағы «Қалқаман» клиникасында. Онсызда көңілі жүдеу, жүзі сынық анамның салы суға кетті. Жүрегі ауызына тығылып, жонарқасына суық тер құйылады. Тас түскен жеріне ауыр. Ішкені ірің, жегені желім болып, менің әсерімнен болатын ең ауыр азапты күні бүгінгіге дейін ата-анам тартып келді ғой, оны сездірмесе де, ішім сезіп қояды. Жатырын жарып шыққан жарымжанын далаға тастасын ба, қайтсін байғұс ана, шарасыз әке не істей алсын осындайда? Оларды аяп кетемін. Кейде бойымды басқан зілбатпанды сілкіп тастап, өре түрегелгім кепак кетеді. Қос аяғым ұйып қалғандай жерге тартып, икемге келмей талай мәрте жерге дүрс құладым. Намыстанып кетемін баяғы...

...Жағдайым жамбасыма аяздай батып, жүнім жығылып, ішқұса болған сәттер бертін келе жиі қайталанды. Әуелгіде қу жаным қуырдақ боп, өзімнен-өзім көңілденіп, айна алдына көп барғыштап, өзгеріп кеттім. Әншейінде кежегем кейін тартып тұратын, асүйді айналшықтап түрлі дәмділер даярлаймын. Одан қалса арбамды шыр айналдырып жүріп, үй жинастырамын. Әйтеу бірнеше күн қатарынан үй ісіне етене кірісіп, үйдегілерді қарық қылдым. Сөйтсем, міне қызық, мен ғашық боп қалған екенмін.

Бәсе, бір түрлі ішкі дүниемде өзгеше құбылыс барын байқайтынмын. Ол әнші. Ол ән айтатын топтың фанатына айналып та кеттім. Ауызымнан сілекейім құрып, жанары ойнақшыған, қыр мұрынды, ашаң жүзді сол сымбатты жігітке неменеге сүйкене қалғанымды түсінбеймін. Көңілге медет тұтқаным оның What›s App-тан ғана жазатын жылы сөздері еді. Көңілімді қимай ма, меселімді қайтармайтын. Оның интернет желілеріндегі парақшаларын, в контакте дей ме, инстаграмы болсын күніне жүз ақтарып шығушы ем. Есім кете сүйдім.

Кейін бетім қайтып қалды. Ол мені қарындасындай ғана қабылдайтын, басқа ешкім де емес. Сүйгені бар екен, мен босқа дәмеленіппін. Неғып емешегі үзіле қалды десем, мені аяған ғой жәй. Кемтар деп менсінбеді ме, обалы не керек, ауылын аулаққа салды. Жақында үйленіпті. Менің махаббат-хикаям солай аяқсыз, баянсыз аяқталып қалды. Сүйкімдінің сүйкімдісі, тәттінің тәттісі – махаббатпен жолыққаныма бақытты едім.

...Жүрегінде шүкіршілігі бар адам қартаймайды дейді ғой. Қағажу көріп, қалжырасам да мен ешуақытта да Алла Тағалаға шүкір етуді тоқтатқан емеспін. Бұл өмір менен де қалар. Шолақ тайдың құйрығындай шолтаң етіп бізден де өте шығар-ау. Адамдарға жақсылық жасағым келеді. Қазір мына интернет деген жақсы болды ғой, екі қалада отырып алып әңгіменді соға бересің. Еменжарқын араласатын дос та жидым, арқа-жарқа боп ежелгі таныстай емін-еркін

шүйіркелесетін аға мен іні, әпке мен сіңлі де таптым. Қарап отырмайын деп, бірдеңелермен айналысқан боламын. Өзгелер елп етіп ермек еткен қызықтарға қызыға қоймаймын. Иманымды күшейту жолында әрекеттенудемін. Бұрын қаңқу сөздерді құлағыма да іле бермейтін ем. Көңілшек боп барамын, жылап қаламын, жасып қаламын. Анау-мынауды алданыш еткен боламын. Қара саным ине шаншылғанын да сезбейді, серейген күйі міз бақпайды. Уайымым сол. Жанарымның оты тайып, бетімнің қызылы тарап кеткелі қааааааааш-шааан. Айна бетіндегі алау өрттің ішінен ұйпа-тұйпасы шыққан ұсқынсыздау түрімді көріп кейде өзім шошып кетемін. Бірақ, мен – сұлумын! Өйткені, жүрегім таза.

Жақында бір қыздың инстаграмдағы суретіме жазған кәмментариәсін оқып, жүрегімді ұстап ұзақ отырып қалдым. «Ужас» дейді әлгі қыз құбыжық көргендей, тағы бірдеңкелер жазып қойыпты, ұмытып қалдым. Иә, менің кезіндегі басыма жасалған отаның кесірінен бе, екі көзім екі жаққа қарап қалған, басым сәл үлкендеу. Бірақ, мен өз ұсқыным, рең-басымның келбетті болмағаны үшін ешқашан Аллаға арыз айтпаппын. Кешіріңіздер, бірақ мен сіздер секілді қасыма қиылтып татуаж жасатып, ернімді пластикалық негізбен үйректің к..індей дүрдитіп ісіріп, бес батпан бояумен көзімді үлкейтіп жатқаным жоқ. Шашымды түрлендіріп, түрлі-түске бояп әжуаландырып та жатқаным жоқ қой. Мейлі, мен мисс емес шығармын. Бірақ менде бәрі – «табиғи». Көзім де, сөзім де, өзім де – шынайы. Мен Алланың аманаттап берген тәні мен жанына қиянат жасамаймын. Иманым әлсіремесе болды тек. Аяғым жансыз болғанымен, кеудемде жаным бар, көкірегім сайрап тұр. Көкірегімдегі көлдария жылулығым үшін де, оның босқа рәсуа болмайтыны үшін де мен сұлумын.

Жүрегімді жегі құрттай үңгіп жеген мұңымды жеңе алатын қайсар мінез берген Құдай маған.

Құдыққа көп қараған кісі өлгісі келеді емес пе?! Ал, мен биікке қол созамын. Мен әлі аяққа жүріп кетем, көресіздер.

Мені кеудемнен итермеңіздер. Мұқатып-мүсіркемеңіздер. Менің де мейманам тасыр, менің де әлеміме көктем келер. Түтін сасыған сасық пікірлермен менің сағымды сындыра алмайсыздар. Мен бәрін жеңемін. Осындай боп жаратылғаным үшін мен кінәлі емеспін, адамдар!

© Сәлеммен, Қасиет

Ботагөз БЕКСАРЫ

«ҚЫЗ ЖІБЕК» – ҚАЗАҚ АРУЫНЫҢ СИМВОЛЫ

ҚЫЗ ЖІБЕК ӨМІРДЕ БОЛҒАН БА?

Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббаты, Бекежанның ғашықтарға жасаған озбырлығы жөнінде бүгінгі ұрпақ жақсы біледі. Бірі жырдан оқыса, енді бірі фильмнен көрген, тағы бірі «Қыз Жібек» операсын тыңдаған. Бірақ біз білмейтін бір нәрсе бар, ол – «Қыз Жібек» жырының кейіпкерлері өмірде болған ба?» деген сұрақ. Бұл сұраққа жырды зерттеуші ғалымдардың өзі әрқилы жауап береді, біреулері олардың өмірде болғандарын айтса, енді біреулері жырдың ойдан шығарылғанын тілге тиек етеді. «Өмір сүрген» деген ғалымдардың өзі қай ғасырда ғұмыр кешкенін тап басып айта алмайды. Ақын С.Сейфуллин: «Қыз Жібек» жыры ноғайлы рулары ыдырап, бөлініп кеткен заманды суреттейді», – десе, М.Әуезов: «Қыз Жібек» жырындағы ел аттарына, оқиғаның болған географиялық орнына шолу жасап, жырдың пайда болу кезеңін XVII ғасыр деуге болады», – дейді. Жыр оқиғасын ішінде кездесетін кей сөздерге қарап, кейінгі ғасырға, яғни Кіші жүздің Ресейге қосылған уақытына жатқызған ғалымдар да кездескен. Яғни Қыз Жібек пен Төлегеннің өмірде болғандары рас, бірақ қай ғасырда ғұмыр кешкендері белгісіз. Ол – әлі де зерттеуді қажет ететін дүние. Қашан өмір сүргендері беймәлім кейіпкерлердің шын болмысы, түр-сипаты туралы айту – қиынның қиыны. Бұл сұраққа жауапты да әдеттегідей, жырдан іздейміз, тек соған сүйенеміз. әмеңгерлік салтын сценарийге қосуға Ғабең қит етсе «ескілікті аңсады, дәріптеді» деп айыптайтын кеңестік идеологиядан сескенсе керек. Сол себепті оқиғаның негізіне ұлы сезім – махаббатты арқау етіп, соңын Жібектің өлімімен аяқтаған.

ТӨЛЕГЕНДІ ӨЛТІРГЕН КІМ?

«Қыз Жібек» фильмін тамашалап отырып Бекежанның Төлегенді атып өлтіргенінде фильмдегі жұртшылықпен бірге бетіне түкіргісі келмейтін адам болмайтын шығар. Талай қыз-келіншек жарын жоқтаған Жібекпен бірге егіле жылаған еді ғой. Фильмдегі оқиғаға өмірдегідей нанған ауыл кемпірлері көрген жерінде Бекежанның рөлін сомдаған Асанәлі Әшімов ағамызға қарғысын да жаудырған деседі. Санамызға «Төлегенді өлтірген – Бекежан» деген ұғымның сіңіп қалғаны сондай, жаңа деректерді қабылдай алмай да жүрміз. Рас жырда да, фильмде де Төлегеннің ажалы Бекежаннан келгені айтылады. Ал бүгінгі зерттеушілер Бекежанның Жібекке жеті атаға толмайтын жақын туыс болып келетінін, оның өзінің де, ұлдарының да батыр болғанын, қылмысты жасаған Кескентерек атты қарақшы екенін дәлелдеп бағуда. Егер шынымен солай болған болса, Бекежанның неліктен жағымсыз кейіпкерге айналып шыға келгені мүлде түсініксіз дүние. Халыққа ақиқатты айқындап беру болашақ зерттеушілердің еншісінде деп ойлаймыз.

«ҚЫЗ ЖІБЕК» – БАҚЫТТЫ ЖЫР

«Қыз Жібек» жыры – шамамен XVII ғасырға тиесілі дүние. Екі бөлімнен тұратын оның 16 нұсқасы бар, соның 15-і М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтында сақталулы. Нұсқаларының саны көп болғанымен, кей жыршылардың өз жанынан қосқан жолдары болмаса, мазмұн жағынан айырмашылықтар өте аз. «Қыз Жібек» – өзі секілді өзге лиро-эпостық жырларға қарағанда, бақытты жыр. Себебі осы жырдың негізінде Ғабит Мүсірепов сценарий жазып, режиссер Сұлтан Қожықов қазақ экранынан 45 жыл бойы түспей келе жатқан тамаша фильмді түсірді. Либреттосын тағы да Ғабең жазған Евгений Брусиловскийдің ғажап операсы дүниеге келді. Күні-бүгінге дейін осы жырдың желісін қолданып, талай театрлар «Қыз Жібек» қойылымын сахналап келеді. Ендеше, жыр бақытты емей немене?

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН «ҚЫЗ ЖІБЕК» ФИЛЬМІ

Түсірілгеніне 45 жыл өтсе де, Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібегіне» деген халық ықыласы әлі күнге дейін ерекше. Өз уақытында әлемдік киносыншылардың үлкен бағасына ие болған бұл фильмнің сәтті шығуын актерлер құрамының мықты болуымен де, сценарийін Ғабеңнің жазуымен де байланыстыратындар көп. Даңқты жазушы сценарий жазарда «Қыз Жібек» жырына сүйенгені белгілі. Бірақ жырдың екінші бөліміндегі Төлеген өлгеннен кейін інісі Сансызбайдың жеңгесі Жібекті әмеңгерлікпен алатыны, оқиғаның бақытты аяқталатыны киносценарийге енбеген. Қазақтың әмеңгерлік салтын сценарийге қосуға Ғабең қит етсе «ескілікті аңсады, дәріптеді» деп айыптайтын кеңестік идеологиядан сескенсе керек. Сол себепті оқиғаның негізіне ұлы сезім – махаббатты арқау етіп, соңын Жібектің өлімімен аяқтаған.

ШЫН ЖІБЕК ҚАНДАЙ ЕКЕН?

Жібек десе, біздің буынның көз алдына Меруерт Өтекешованың фильмдегі әдемі жүзі келе қалады. Ал кешегі аға буын қазақтың бұлбұл әншісі Күләшті (Байсейітова) Жібек деп танитын. Нағыз Жібек, шын Жібек қандай болды екен? Оны көрген кім бар? Тек жырдағы:

Бидай өңді, нұр жүзді,

Секпілі жоқ, қой көзді, – деген теңеулер немесе:

Қыз Жібектің ақтығы –

Наурыздың ақша қарындай, – деген жолдар арқылы Жібек арудың бет-бейнесін көз алдымызға келтіргендей боламыз. Біз үшін Қыз Жібектен асқан сұлу жоқ, әдемінің бәрі Жібек болып елестейді. Қазақ көрікті қызды көрсе: «Қыз Жібектей екен» дейді, ақылды аруды көрсе: «Қыз Жібектің өзі екен» дейді. Бір-біріне «Қызың Жібектей болсын» деп тілек айтып жатады. Солай-солай Қыз Жібек қазақ қызының символикалық бейнесіне айналып шыға келген болатын...

Марфуға АЛИНОВА

Атың жақсы болса,
Ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Қызың жақсы болса,
Жайқалып өскен құрағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші – иманың,
Екінші – жиғаның,
Үшінші – ырысыңның тұрағы.

Төле би

Тыныш дүние

Тыншымаймын. Тыным таппан мен тегі,
Түскен емес тағдырымның желкені.
Дамыл таппай кеземін де жүремін,
Дамылдаған мынау байтақ өлкені.
Жердің жүзін ой қанаты айналдым,
Жұлдыз құштым, күнді көрдім, ай бардым.
Кеземін де жүрем мыңжылдықтарды,
Кезегінде жүрем ұлы ойлардың.
Күнге қарай бұрғам баста-ақ бетімді,
Күн түбіне мұрат еткем жетуді.
Қас-қағым сәт тынып қалсам қимылсыз,
Бүкіл әлем тұрып қалар секілді.
Ең бір ұлы ырғақтарға құштармын,
Ең бір ұлы ырғақтардан күшті алдым.
Жолаушылар қалмауы үшін сапардан,
Қанаттары талмауы үшін құстардың,
Жұлдыздардың сөнбеуі үшін жарығы,
Гүлдерімнің сембеуі үшін тамыры,
Мен бір ұлы ұмтылуды тудырам,
Тудырамын бұлқынуды және ұлы!
Менің сұлу армандарым өр кезде,
Аттанамын, атанамын елкезбе,
Бір сәтке де жұма алмаймын көзімді,
Бір жаманат болмауы үшін сол кезде.
Үндемеуден сақтап қалды сөз мені,
Жүрегімде – заманалар безгегі.
Мен бір ұлы қозғалыстан жаралғам,
Жердің шары жаралатын кездегі.
Еркін жүріп, ерек ойлап ержетіп,
Жүріп келем, шығып келем өрге тік!
...Жер бетінде бір тыныштық туғанда,
Отырармын тыныштықты тербетіп.

Даңқ

Ақын да бір ел еркесі,
Еншісі елден бөлінбейтін.
Даңқ – таланттың көлеңкесі,
Күн түспесе көрінбейтін.
Шыққан күндей өлең келсе,
Кейде сыймай кең өлкеге,
Біреуіне көлеңке ерсе,
Бірі ереді көлеңкеге.
Өмір өтер, өлең қалар,
Кеш пе, мейлі, қалды ма ерте.
Қыранда да көлеңке бар,
Құзғында да бар көлеңке.
Қол ұстасып қыз-арманмен,
Жүрдік талай,
Қыз – арбайды...
Көлеңкесі ұзарғанмен,
Кісі бойы ұзармайды.
Артар азап, артар қайғы,
Жырақтар күз, жырақтар қыз...
Көлеңкелер қартаймайды,
Қайта алмайды бірақ жалғыз.
Көлеңкесіз жарық қана,
Күнге болар кім көлеңке?!
Көлеңке бар табытта да,
Сол көлеңке – шын көлеңке!..

***

Уақыт баяу... тез өтеді,
Жылап аққан жылға сынды,
Бізді жылдар сөз етеді,
Сөз етеміз біз ғасырды.
Қандай еді парқы, білсең,
Біле алмасаң –
сорың дағы.
Өмір деген – жарты күлше,
Жетім ұлдың қолындағы.
Бәлкім соны көз етеді,
Оң мен теріс – ызба сынды.
Бізді жылдар мезі етеді,
Мезі етеміз біз ғасырды...
Келері – жұп, кетері – тақ,
О, не деген бейқам адам?!
...Жан жұмбағы – көне кітап,
Соқыр ойың сипалаған.

Ана жайлы ең жақсы сөз...

«Әке, әке, сен айтатын жақсы сөздер көп еді,
Айтшы енді, ана жайлы ең жақсы сөз не?» деді,
Ана жайлы...
Ана жайлы пайғамбарлар сәлемі,
Ана жайлы ақындардың өлеңі.
Ана жайлы – қара жердің төзгені,
Ана жайлы – уақыттың безбені,
Ана жайлы айтылмаған бір сөз болса әлемде,
Ол да ананың айта алмаған сөздері.
Ана жайлы жақсы сөзді есту үшін тыңда, ұлым,
Тыныштықты,
Тауды,
Көлді,
Ай сәулесін,
Күн нұрын,
Ана жайлы сенің тәтті қиялдарың, арманың,
Ана жайлы менің барлық шындығым.
Мен айтатын жақсы сөздер көп еді,
Мен де анамды жақсы көрем, себебі!
Білесің бе, бұл әлемге адамдар,
Ана жайлы айту үшін келеді!
Адамзаттың ең бір асқақ бар әні,
Жыр еткенмен, пір еткенмен ананы,
Бұл өмірді қалай сүріп өткені –
Ана жайлы айтқан сөзі болады.
Ана жайлы – кең дүние – бесігің,
Ана жайлы аманат пен кешірім,
Анаң үшін ең жақсы сөз дүниеде –
Ұлым, сенің есімің!..



Сағыныш

Ұлы күндей бір сағыныш бар менде,
Ыстығы оның сезіледі әр демде.
Соның қалай тоңдырарын білсең ғой,
Жүрегімнің домбығарын кеудемде.
«Өлең қалай жазыларын айт» дейсің,
«Жанның қандай назы барын айт» дейсің,
Алапат өрт жүрегімді аяздай
қарығанда – өлең жазбай қайт дейсің?!.
Көк нөсердей сағынышым бар менің,
Жанардан ол жас боп ағар хәлдемін.
Оттай болып жанып тұрып – жаураймын,
Көк нөсерде қалып тұрып – шөлдедім.
Не істе дейсің, айтшы енді, айт емін,
Қара жұмбақ айтшы менің қай теңім?!
Тұнжыраған көзді не етем мені іздеп,
Батылсыздау созған қолды қайтемін?!.
Отты жерде ормандай боп ой қалып,
Ұйықтарға желқайықтай байланып,
Сағыныштан қаша-қаша ақыры,
Барам өзім сағынышқа айналып.

Ерлан ЖҮНІС

ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ – ДИПЛОМАТТЫҢ КӨЗІМЕН

Дипломат, шығыстанушы, зерттеуші-публицист Мұхтар Кәрібайдың «Дүбірлі дүние» атты жинағы қолымызға түсті. Дипломатия, әлемдік саясаттағы Қазақстанның орны, кешегі облыстық қала Ақмоланың мемлекет астанасы – қазіргі Астана қаласына айналу жолы, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ дипломатиясының қанаттанып нығаюы және оған үлес қосқан айтулы дипломаттардың ілкімді істері т.б. мағлұматтарды тартымды мазмұнмен, ұғымға жеңіл тілмен жеткізген кітаптың ішіндегі дүниелердің ішінде назарымызды барынша аударғаны – қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың шығармашылығына жазылған талдаулар циклі болды. Мұхтар Әуезов – қазақ ақыл-ойының асқар биігі. Ол жазып қалдырған өлмес туындылар – қазақтың рухани жаны, жадысы. Академик жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы соңғы сексенге жуық жылдың көлемінде жазылудай-ақ жазылып, зерттелудей-ақ зерттеліп келе жатыр. Бұл жақсы. Бірақта алыс елдерді айтпағанда, көрші орыс халқы өздерінің «Әуезовтері» Толстой мен Достоевскийлердің әр туындысы қалай, қашан жазылды, қандай өзгерістерге не себепті ұшырады дегенге әлдеқашан жауап беріп, қаттап, оларға қатысты әрбір жәдігерлікті, географиялық нысандарды т.б. шоттап, интелектуалдық туризмнің көзіне айналдырып тастаған. Тіпті, биліктің сырттай қорғауы болмаса, үкіметтің қаржылай қолдауына да зәру емес. Яғни, үзіліссіз үдеріске еніп кеткен, дәуірлермен үндескен мәдени құбылыс.

Ал біз Абайымыз болсын, Әуезовіміз болсын, көбінесе, мерейтойы кезінде ғана еске алып, жапа-тармағай жар сала жазып, жариялауға кіріскенімізбен, келесі секе алуға дейін қоламтаның қозындай жылы жауып қоя тұратынымыз бар екендігі рас қой. Онымен қоса, осындай науқаншылық тұсында бірнеше әдебиеттанушы ғалымдар мен тарихи тұлғалардың пікірлері мен зерттеу жазбаларымен шектеле саламыз. Осы тұрғыдан алғанда дипломат маманның айтып отырғанына қосылмасқа әддіміз жоқ: «Әуезов қана емес, жалпы Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, шығармашылығы әдебиетші, лингвист ғалымдар мен тарихшылардың және жекелеген заңгерлердің зерттеу объектісіне айналумен шектеліп қалған сыңайы бар».

Бұл мақалалардың иесі – нанын әдебиеттану немесе тіл білімі, тіпті журналистикадан тауып жүрген адам емес. Мүлде өзге сала – дипломатия саласының адамы. Сондықтан да Мұхтар Әуезовтің бәрімізге мектеп оқулығынан бастап-ақ таныс болған, фильм де түсірілген «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қорғансыздың күні» туындылары туралы дипломаттың зерттеп талдауы, өзіндік ой-пікірлеріи қызықты.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының бастапқы кезеңі – әлемді шарпыған алапат оқиғалар, төңкерістерге тап келді. Бұл кезеңде қазақ даласында болып жатқан аумалы-төкпелі алмағайып өзгерістердің жылдамдығы сондай, азаматтық позицияны нақ айқындап, саяси көзқарасты біржола бекітіп, белсе кірісудің өзі оңай болмағандай көрінеді. Мұхтар Әуезов осы кезеңде ұлтының азаттығын, елінің тәуелсіздігін мұрат тұтқан зиялылар шоғырының, «Алаш» партиясын құрушылар қатарынан табылды. Мұхаң өмірінің осы бір кезеңі жайында жазушы, зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбайдың нақты деректерге сүйене отырып жазылған еңбектерінде бүге-шігесіне дейін талданған. Дипломат зертетуші бұл тұрғыда, яғни шығармашыл тұлғаның азаматтық позициясы туралы қандай пікір айтпақ. «Дүбірлі дүниеден» үзінді алып қарастыралық: «Мұхтардың азаматтық позициясының айқындалуы мен саяси көзқарасының қалыптасуын оның өмір сүрген ортасы ерекшеліктері мен сол кезеңдегі қазақ даласында болып жатқан әлеуметтік-қоғамдық һәм саяси оқиғалардың мазмұнымен біртұтас алып қарағанда ғана тереңірек түсінуге болады».

Иә, біз тек Мұхтар Әуезовке немесе өзге де тұлғаларға, олардың шығармаларына, азаматтық ұстаныма бүгінгі күннің көзімен баға беруге ұмтылатынымыз, мақтап немесе даттауға кірісетініміз рас қой. «Менің әдебиет пен саясат





жолында бұрын қандай адам болғандығым туралы Қазақстан партиялық кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сын ашық, нық айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен «байшыл, алашордашы» одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі» болғам. Бұл сияқты дәл сынды жазушылар – Қаз АПП тобының төңкерісшіл, марксшіл сыншылары», - дегізіп, Мұхтар Әуезовті «ағынан жарылтқызып», ерікті азаматтық позициясы мен саяси көзқарасынан еріксіз азаматтық позиция мен саяси көзқарасқа көшуі – бір ғана тұлғаның басындағы кеп емес еді ғой. Қайта, Ахаң бастаған ұлт көсемдерінің ақылымен Мұхтар Әуезов осындай позициялық шегініске барып тірі қалғаны, ХХ ғасырдағы қазақ руханиятының зор бағынің бірі осы тағдыр болғаны көпке мәлім. Дәл осы «позиция» мен «көзқарас» тұрғысындағы дипломаттың талдау тұжырымына көз жүгіртейік: «Тұжырымдай келгенде, Әуезовтың Ашық хаты – тұлғаның ұлағатты өмірін тануға апарар тарау-тарау жолдардың бір тарамғы; Әуезовтың, ол арқылы ХХ ғасырдағы қазақ интеллигенциясының, тұтас халықтың қайшылықтарға толы қиын-қыстау өмірінің шытырманын ажыратып, шындығын ұғуға мүмкіндік беретін өте күрделі тарихи құжат; кеңестік қасаң идеология тұсында біржақты бағаланып, ұлты үшін күрескен рухы мықты жандардың «біржола жеңілгендігінің», кеңес үкіметінің «жасампаздығына» бас игендігінің айғағындай насихатталды. Десе де, шығармалары, өмір жолы көрсеткендей, жазушы өзінің бастапқы мұратынан, алғашқы сара жолынан, алдына қойған мақсатынан айнымай, тар мағынадағы таптық көзқарастың көбесін сөгіп, адамзаттық ақыл-ойдың шырқау биігіне көтерілді». Иә, «асыл пышақ қап түбінде жатпайды» демекші, пролетариаттық әдебиеттің сойылын соғушылар Мұхаңды өз қатарларына арылтып қостық дегенімен, ақыл-ой алыбының сырт көзге ғана солай екенін дипломат зерттеуші жақсы ашып көрсетеді.

Ашық хат жазып «арылудан өткен» Мұхаңның әрбір туындысында жалпыадамзаттық проблемалармен астасқан ұлы гуманизм, әділетсіздікке қарсылық, азаттық, әділеттілікке деген аңсарлы ұмтылысқа толы өлмес туындыларындағы кейіпкерлер тағдыры мұны әйгілеп тұрғандығын «Қараш-Қараш оқиғасы» мен «Қорғансыздың күні» жайындағы талдауларда жақсы ашып көрсетеді. «Қараш-Қараш оқиғасында: «Сол уақытта асығып тұрған саусақ жіңішке суық темірді нығыздап қызып қалғанда, қарғыс оғы күрс етті... үлкен денелі болыс шіреніп барып шалқасынан құлап түсті», - дейтін эпизод бар еді ғой. Осыған мән берген зертттеуші мынадай ойды ұсынады: «Автордың осынау «қарғыс оғы» деген бірауыз сөзінде, жалғыз түйінінде бүтіндей шығарманың тұжырымы жатыр. Бұл қарғыс оғы барша зұлымдық атаулыға, әділетсіздік пен арамдыққа, қатыгездік, жауыздықпен қатар жүретін қылмыс атаулыға қарсы атылған кек оғы».

«Замандар оқиғасы, қоғамдық құбылыстардың қалпы дәл сол сияқты болмаса да өзгерек бір сипатта айналып соғып отырады» деген

ұғым бар. Мұны «бумеранг заңы» деп те жататыны бар. Адамзат баласы өткеннен сабақ ала отырып, бүгінгі болып жатқан оқиғалардың нәтижесі мен салдарын бағамдап, тиісті шаралар қабылдауы тиіс. Олай болмаған жағдайда «Помпей түні» қайталанбайды дегенге кепіл бар ма? Осы ойымызды Мұхтар Кәрібайдың төмендегі пікірімен сабақтайық: «Қараш-Қараштағы» адамдық болмысты қорлап отырған алапат әділетсіздікке ендігі төзудің, ары қарай көнудің мүмкін еместігі, шыңырауға құлатар шекке алып келген ширыққан шындық Бақтығұл шаңырағының басында ғана емес, кез-келген уақытта дүниенің қай түкпірінде болмасын адам баласының басына түсуі хақ. Біздің ойымызша, М.Әуезов шығармасының ұлылығы да осында».

Ендеше, «Кетбұғадай билерден кеңес сұраған», «Ей, Абылай, сен он бір жасында...», - дегізіп көмекей жырау хан алдында қаймықпай айтарын айтқан, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген дегдар халықтың кешегі ұрпағы неге азды? Бүгінгісі нешік? Бақтығұлдың тағдыры безбенге салынғанда сатымсақ билер неге әділетсіздік танытты. Оның жауабы мынау: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейтін, қара қылды қақ жарған биік тұлғалы билер институтының түпкілікті жойылып, оның орынана қарақан бастарының қамын ойлаудан аса алмайтындай төмен деңгейге құлдыраған опасыз бисымақтардың пайда болғандығын білдіреді... Осы індеттің қоғамда батпандап кіргендігінің өкінішті белгілері қазіргі уақытқа дейін көрініс беретіндігін жоққа шығара алмаймыз».

Шығарманы талдағанда даралау мен жалпылау тәсіліне жиі жүгініп жататын үрдіс көптен қалыптасқан. Зерттеуші Мұхтар Кәрібайдың «Қорғансыздың күні» – көмескіленбейтін қасірет» атты мақаласынан да осы тәсілді аңғарамыз. Автор бір адам, бір отбасы тағдырын жалпыхалықтық ракруста алады: «Қорғансыздың күні» трагедиялық әңгімесінде жиырманың үстіндегі жас Әуезов бір үйдің басына түскен зіл-батпан қасірет оқиғасы арқылы түпсіз терең дағдарысқа құлдыраған қоғамның сорақы бейнесін, адамдық қалыптан шығып, азғындап бара жатқан кейбір ел жуандарының опасыздығын, қырдағы кедей-кепшік, қарапайым адамдардың бастан кешіп отырған орасан тауқыметінің терең тамырларына дейін жалаңаштап, айқара ашып, қапысыз баяндайды».

Осы ойды одан әрі дамыта отырып зерттеуші әңгімедегі қорғансыздар тағдыры ұлы суреткердің отаршылдық қамыты қажытқан қазақ халқының тағдырын нышандағаны екендігін айтады: «Шындығында, «Қорғансыздың күніндегі» қорғансыздар Ғазиза, оның соқыр шешесі, кәрі әжесі емес – отарлық қамытынан мойны үзілуге шақ қалып тұрған жалпы, ұлт, әлеумет, халық».

Өткенге салауат, бүгінгі баға жеткісіз байлығымыз, бойтұмарымыз – Тәуелсіздік – келешек ұрпаққа аманат! «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегідей қорғансыздық – ендігәрі ұлтымыздың, әлеуметіміздің, халқымыздың басына үйірілуді мәңгілікке жазбасын дейік.

Ұлы жазушының ұлылығы – ол өз шығармасындағы мәңгілік тақырыптар, мәңгілік мұраттар мен проблемаларды көтеру арқылы халықпен, дәуірлермен бірге өмір сүріп, жасай беретіндігі. Мұхтар Әуезовтың ұлылығы да осында. «Әуезов зорлық пен зомбылық, қатыгездік пен қиянатшылдықтың тамыры тым тереңге жайылған ащы шындықты айқара ашып көрсетіп, мұндай қоғамның өркениетті әлемдік қоғамдастық қатарына қосыла алу-алмауының зор қаупін ескертеді», - деп атап көрсетеді зерттеуші.

Расымен де өркениетті елдердің алдыңғы көші қатарынан көрінуді мақсат еткен Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі әлеуметі зорлық пен зомбылықтан, қатыгездік пен қиянатшылдықтан, өзге де жағымсыз кесепат-кесір қылықтардан аулақ болмасақ – аталған лекке қосылу қиын екендігін өлмес туындыларды түсіне зерделеп, олар жайындағы ілкімді талдауларды түйсіне оқығанда көз жеткізе түскендейміз.

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ

Сұлу қыз көзге ұнаса, мейірімді қыз жүрекке. Алғашқысы жақсы дүние болса, екіншісі сарқылмас байлық секілді.

Наполеон Бонапарт

ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

Көз айналасындағы дақтарды картоп кетіреді

Егер де көзіңіздің айналасында қара нүкте бар болса мынадай емдік тәсілді қолданып көріңіз. Картоптың қабығын аршып дөңгелектеп кесесіз де көзіңізге басасыз. Картопты тек көздің айналасына да қоюға болады. Сөйтіп 20 минут денені босаңсытып жатқан дұрыс. Бұдан бөлек картопты қайнатып одан езбе дайындайсыз да, сүтке араластырырасыз. Суығаннан кейін жылы күйінде көздің айналасына жағып, 20 минут жатасыз да салқын сумен жуып тастайсыз. Көздің айналасындағы қара дақтарды сүзбенің көмегімен де жоюға болады. Сүзбені шанышқымен үккілеп көздің айналасына қоясыз да, 15-20 минут ұстайсыз. Емдеу шарасынан кейін көздің айналасын ылғал матамен сүрту керек. Егер де мұндай дақтар шаршағаннан шығатын болса оны кетіру оңай. Алайда, асқазан ауырғаннан шыққан қара нүктелер болса алдымен ішкі мүшелердің емін жүргізген дұрыс.

Қайыңның шырыны бауырдағы тасты түсіреді

Күніне 4 стакан қайың тұнбасын ішіңіз. Оны дайындау үшін 2 ас қасық майдаланған қайың жапырағын бір литр қайнаған суға салып тұндырыңыз. Біршама уақыттан соң сүзіп алып жылы күйінде қабылдайсыз.

Егер 15 минуттың ішінде 10 стакан шай іше алсаңыз, онда бүйректегі құм мен тас еріп оңай түседі.

Екі-үш ас қасық салаубасты (бессмертник) ұнтақтап бір литр қайнаған суға салыңыз. Шамамен жарты сағаттан соң сүзіп алыңыз. Дайын болған емдік тұнбаны күніне 3-4 стаканнан ішіп отырыңыз.

Қан қысымын сарымсақ реттейді

Еттартқыштан өткізілген бір литр мүкжидекке яғни клюкваға бір бас сарымсақты майдалап араластырасыз. Оған бір ас қасық бал қосыңыз. Дайын болған емдік сусынды бір ас қасықтан күніне тамақтан бұрын және ұйықтар алдында қабылдайсыз. Бір дана лимонды еттартқыштан өткізіңіз. Оған майдаланған үш тіс сарымсақты және бір шай қасық балды араластырып бір ас қасықтан ішіңіз. Емді күніне екі рет тамақтан бұрын және ұйықтар алдында жүргізу керек.

Күнделікті өмірдегі лимонның пайдасы

Лимон қосылған шай тұмау тигенде, тыныс алу жолдары қабынғанда, өте жақсы көмек береді. Шөлді қандырып қана қоймай, жүйке жұмысын реттеп, қан қысымын төмендетіп, қан жолдарын тазалап, ревматизмді жазуға көмек береді. Тісті ағарту үшін тіс пастасына лимон шырынын екі тамшысын қоссаңыз жетіп жатыр. Тісті ағартып қана қоймай қызыл иектің қанауы мен қабынуын төмендетеді. Уланғанда шырынын жылы суға салып ішсе, токсиндерді шығарады.

Сонымен қатар, жүрек әлсіз болғанда лимон қабығын шайнайды. Мұрыннан су аққанда төрт тамшы шырынды мұрын қуысына күніне бірнеше рет тамызады. Мұрын қанағанда шырынға мақтаны батырып қояды. Ангина кезінде бір стакан жылы суға жемістің шырынын араластырып, тамақты шаяды. Лимон қан қысымы жоғарылағанда, атеросклерозда, асқазан ауруында, өт жолында тас бар кезде, пайдалануға болады.

Лимонның тері күтіміндегі пайдасы

Құрғақ әрі сезімтал теріні ылғалдандыру үшін сегіз шай қасық жоғары сұрыпты өсімдік майына төрт шай қасық лимон шырыны мен екі шай қасық балды ыдысқа салып, араластырып жағады. Лимон теріні майлылығын азайтып, безеуден де арылтуға пайдалы. Бір жұмыртқаның ақуызы мен лимон шырынын араластырып, жиырма минуттан кейін жуып тастаса тері тазаланады. Тері күйгенде лимоннан компресс жасап, бір күн байлап ұстаңыз. Жазылуды тездетеді.

Лимон киімге тамған дақтарды кетіреді. Былғары киіміңізге сия тамып кетсе, лимон шырынына батырылған шүберекпен сүртіңіз. Киімге фломастер не маркер тигізіп алсаңыз, аз ғана лимон шырыны мен тұз сеуіп қойып, кейін жуып тастаңыз. Металл ыдысты лимон қабығымен сүртсеңіз, жарқырап шығады.

Үйіңізге құмырсқа үйір болса, жүретін жолына лимон шырынын немесе екі тілігін тастасаңыз, қайтып кетеді. Көкөніс салынған ыдыстың арасына бір дана лимон салсаңыз, көкөністер ұзақ сақталады. Сарғайып кеткен киімді қайнаған суға лимон шырынын қосып жусаңыз, түсі орнына келеді. Микротолқынды пештің жағымсыз иісінен арылу үшін, суға бірнеше тамшы лимон шырынын қосып, суды кейін суытып, тоңазытқышқа салып қойыңыз. Иісін тез кетіреді.

Үй көмекшісі лимонның отаны Үндістан, Үнді Қытай, Оңтүстік Қытай. Биіктігі сексен тоғыз метрге жететін бұл өсімдіктің үйде өсірілетіні екі метрге дейін жетеді. Алпыс жыл жасайтын лимон ағашы үй жағдайында қырық жыл өмір сүреді. Оның бабын жасасаңыз әрине, одан ары тағы он жыл қосады.

Жұмыртқаны қалай жеген дұрыс?

Жұмыртқа адамдардың күнделікті өмірде ең көп тұтынатын тағамы. Ол қуырып та, асып та жей салғанға дәмді, әрі жеңіл әзірленеді. Алайда жұмыртқа жегенде назар аударуға тура келетін біраз жағдайлар бар.

Жұмыртқаны шикідей жемеген жөн. Себебі, жұмыртқаны жоғары температурада қайнатқанда ғана ондағы бактериялар жойылатындығын есте ұстаңыз;

Жұмыртқаны түнде пісіріп қоймаңыз. Жұмыртқаны түнде пісіріп қоятындарымыз бар. Сіз сондай адамдардың қатарынан болсаңыз, түнде пісіріп қоятын жұмыртқаңыз шала піскен болмауын қадағалаңыз. Себебі, түнде пісіріп қойсаңыз оның ішінде таң атқанша бактериялар көбейіп, ол асқазан, ішек-жолдарына зиянын тигізеді. Ал толық пісірілген жұмыртқаны түнде дайындап қойғанның еш зияны жоқ. Алайда жұмыртқаны қанша қайнатса, сонша жақсы деп қарамаңыз. Себебі, жұмыртқаны ұзақ қайнатқанда күкіртті темір қалыптасады, мұндай затты адам ағзасы оңайшылықпен қабылдай алмайды;

Жұмыртқаны өте көп жемеу керек. Себебі, жұмыртқаның құрамында белок өте көп. Соның салдарынан жұмыртқаны көп жесеңіз зат алмасу процесі ұлғайып, бүйректің қызметі қиындайды. Қалыпты жағдайда балалар мен қарттар, ақыл ой еңбегімен және дене еңбегімен шұғылданатын адамдар күніне екі жұмыртқадан артық жемегені жөн. Ал дене қуаты әлсіз адамдар мен операциядан кейінгі қалпына келу мезгіліндегі сапалы белокты толықтауды қажет ететін адамдар күніне төрт жұмыртқаға дейін жеуге болады;

Аш қарында жұмыртқа жемеген жөн. Себебі, аш қарынға құрамында белогы мол азықты пайдалану барысында белок жылуға айналып, қоректік ролі болмай қалады. Оның үстіне қысқа уақытта белоктің көп мөлшерде ыдырауынан ағзадан аммияк қатарлы денсаулыққа зиянды заттар бөлініп шығады;

Майға қуырылған жұмыртқаны жемеңіз. Себебі, жұмыртқаны майға қуыру барысында оның құрамындағы белок ұсақ молекулалы амин қышқылына айналады. Ал мұндай амин қышқылы адамды ракка шалдықтыруы мүмкін.

Табиғат әйелге былай дейді:
қолыңнан келсе сұлу бол, қаласаң дана бол, ал саналы, ақылды болуға міндеттісің.

Пьер де Бомарше

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әділхан ШОРАБЕК
Медиа департаментінің директоры

Жандар АСАН
Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы

БАС РЕДАКТОР
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

КӨРКЕМДІК РЕДАКТОР
Гульчахра ЖЕКСЕМБИЕВА

ФОТОТІЛШІ
Дәурен АБДИЛДИНОВ

Редакцияның мекен-жайы:
050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99 үй
Медиа департаменті, 1 қабат, 111 бөлме

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 05, +7 (775) 628 28 48
E-mail: qyzgumyr@gmail.com

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Ақпарат комитеті» Мемлекеттік мекемесінде есепке қойылып, 2018 жылдың 03 наурызында №16970-Ж қайта тіркеу куәлігі берілген.

Журнал редакциялық-баспа бөлімінде басылды.
Баспаның мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116 үй
Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 33

Журнал 2013 жылдың наурыз айынан бастап шығады.

Басуға қол қойылған күні: 04.06.2018 ж.
Түрлі-түсті басылым, қалпы
Пішімі 60x84 1/8
Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.
Әріп түрі «Times New Ruman» Riso басылымы.
Шартты баспа табағы 6
Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 193